

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2024 жылғы 22 сәуірде жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Елдегі қоғамдық-саяси және экономикалық процестерді тиімді мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру үшін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алудың тиімді жүйесі де маңызды рөл атқарады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заң жобасын қарау барысында шешуді талап ететін өзекті мәселелердің бірі мемлекеттік органдардың бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу тетігі мен шарттары болып табылады.

Қолданыстағы құқық қолдану практикасы көрсеткендей, мемлекеттік сатып алудың осы әдісінің жетілмегендігіне байланысты мемлекеттік қаражат жиі тиімсіз жұмсалады, адал бәсекелестік қағидаты бұзылады және сапасыз тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді алу фактілері жиі кездеседі.

Бір көзден мемлекеттік сатып алудың тиімсіз жүйесінің осындай жарқын мысалдарының бірі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – ҚР АШМ) ветеринариялық препараттарды мемлекеттік сатып алуы болып табылады.

2023 жылға дейін ҚР АШМ препараттарды ветеринария желісі бойынша ашық конкурс арқылы сатып алады. Мәселен, сібір жарасына қарсы ветеринариялық препараттардың бір ғана атауын жыл сайын сатып алу ондаған миллион дананы құрайды. Мысалы, 2022 жылы ашық конкурс шеңберінде бәсекелестік болған кезде оны сатып алуға 363 млн теңге жұмсалды, жоспарланған үш жылдық бюджеті 28 теңге болған кезде бір құтыға 10,9 теңгеден төленді.

Бірақ 2023 жылы ҚР АШМ бір көзден сатып алуға көшкеннен кейін, ешқандай себепсіз, ведомство сібір жарасына қарсы ветеринариялық препараттың бағасын бір құтыға 28 теңге бағамен белгіледі. Ал, оны сатып алуға жұмсалған жалпы шығындар 921 млн теңгені құрады, яғни ашық конкурста сатып алу кезінде өткен жылмен салыстырғанда 569 млн теңгеге артық. **Аталған позицияның біреуін ғана сатып алу мемлекеттік қазынаға 250 пайызға немесе екі жарым есе қымбатқа түсті.**

Сатып алуды бір көзден жүргізу үшін, мүмкін ҚР АШМ бастамасы бойынша, тіпті Үкіметтің арнайы қаулысын дайындап, бекітті. Бұл ретте

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР қолданыстағы Заңының нормаларын бұзу орын алуда.

Осылайша, «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 39-бабы 3-тармағының 4) тармақшасымен бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы **«4) төтенше жағдайлардың салдарларын оқшаулау және (немесе) жою үшін, Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет немесе жаңадан анықталған, жануарлардың аса қауіпті, экзотикалық ауруларын, карантинді объектілерді, бөтен текті түрлерді оқшаулау және (немесе) жою үшін, карантиндік аймақтарда және жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша қолайсыз пункттерде, карантинді объектілердің таралу ошақтарында іс-шаралар, шұғыл фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу үшін, электр энергетикасы объектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі, теміржол, әуе, автомобиль, су көлігі объектілеріндегі, тазарту құрылыстарындағы, мұнай құбыржолдарындағы, газ құбыржолдарындағы технологиялық бұзылуларды жою үшін және жедел медициналық араласу қажеттілігі үшін, сондай-ақ коммуникациялардың, тетіктердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің және материалдардың тасымал жолында дереу қалпына келтіруді талап ететін сынуы, істен шығуы туындаған кезде қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;» мақсатында жүргізілуі мүмкін.**

Яғни, біз төтенше жағдайлар кезінде ғана бір көзден, оның ішінде ветеринарлық препараттардан сатып алу туралы айтып отырмыз. Ал мұндай препараттарды жоспарлы сатып алуды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен, яғни ашық конкурс өткізу жолымен сатып алу болжанады.

Атап өткен мысал мемлекеттік органдарда ведомствоның мүддесі үшін, оны жоққа шығармайтын және жеке мүддесі үшін аффилиирленген мемлекеттік кәсіпорындар немесе ұйымдар (РМК, ЖШС, АҚ немесе КЕАҚ) арқылы осы тауарлар, жұмыстар мен қызметтер нарығындағы бағадан бірнеше есе асатын бағалар бойынша бір көзден сатып алу жүргізілетін тұйық жүйенің бар екендігін айқын көрсетеді.

Осы жағдайда:

- мемлекет мұқтажы үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізуге жасанды монополия құрылады;

- елдің бюджеті тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жоғары бағамен сатып алу арқылы негізсіз шығынға ұшырайды;

- тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің белгілі бір түрлерінің нарығы құлдырайды, соның салдарынан қазақстандық кәсіпкерлер негізсіз шығынға ұшырайды;

- тұрақты сыбайлас жемқорлық схемасы қалыптасады, онда тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға артық баға бойынша бюджеттен бөлінген қаражат пен осы тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер нарығының өзі ұсынған олардың неғұрлым төмен бағасы бойынша нақты жұмсалған ресурстар арасындағы айырма есебінен жеке байыту мүмкіндігі расталады.

Келесі сұрақтар табиғи түрде туындайды:

- орталық мемлекеттік органдардың тауарлар жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде жоғары бағаларды белгілеу туралы шешімдері бәсекелестік нарықта немен ұсынылады?

-мемлекеттік органдар тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу бойынша бәсекелестік орта болған кезде тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу қажеттілігін қандай әлеуметтік-экономикалық негіздемелермен түсіндіреді?

-неліктен бұл фактілер қолданыстағы заңнаманың нормаларында көзделмеген және Премьер-Министр мен ел Президентінің тапсырмаларына негізделген жағдайларда бір көзден жүргізілетін мемлекеттік сатып алудың тиімділігін талдау және қаржылық аудит үшін негіз бола алмады?

Жоғарыда баяндалғанның негізінде «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 25-бабы 2-тармағының 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып:

1. 2023 жылға арналған ветеринариялық препараттарға қатысты бәсекелестік орта болған кезде тікелей шарт жасасу тәсілімен ҚР АШМ Мемлекеттік сатып алуды жүргізудің заңдылығы мен тиімділігіне мұқият талдау жүргізуді;

2. Барлық орталық мемлекеттік органдардың тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды тұтастай жүзеге асыруын бюджет қаражатын тиімді жұмсау тұрғысынан тиісінше талдау және орындылығын бағалауды өткізуді;

3. Осы депутаттық сұрау салу негізінде тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізуді құқықтық қамтамасыз етудегі ықтимал жүйелі өзгерістер туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің көзқарасын ұсынуды сұраймыз.

Депутаттар

**Б. Нажметдинулы
Н. Сабильянов
С. Егізбаев
Ж. Дайрабаев
Е. Саурыков
М. Абенов
А. Баккожаев**

*Орынд: Е. Достояров
Тел: 74-64-53*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылығы « __ » _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламенті

« __ » _____ 20 __ года

Оғлашен 22 апреля 2024 года

**Премьер-Министру
Республики Казахстан
Бектенову О.А.**

ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

Для осуществления эффективного государственного регулирования общественно-политическими и экономическими процессами в стране важную роль играет также эффективно выстроенная система государственных закупок товаров, работ и услуг.

Одним из актуальных вопросов, требующих решения в ходе рассмотрения законопроекта «О государственных закупках», является механизм и условия проведения государственными органами государственных закупок способом из одного источника.

Как показывает действующая правоприменительная практика, именно из-за несовершенства данного способа государственных закупок зачастую неэффективно тратятся государственные средства, нарушается принцип добросовестной конкуренции, и нередки факты получения некачественных товаров, работ или услуг.

Одним из таких ярких примеров неэффективной системы государственных закупок из одного источника являются государственные закупки ветеринарных препаратов Министерством сельского хозяйства Республики Казахстан (далее – МСХ РК).

До 2023 года МСХ РК закупает препараты по линии ветеринарии через открытый конкурс. Так, ежегодный закуп только одного наименования ветпрепарата против сибирской язвы составляет десятки миллионов штук. К примеру, в 2022 году в рамках открытого конкурса при наличии конкуренции на его приобретение потратили 363 млн тенге, заплатив по 10,9 тенге за флакон при запланированном завышенном в трехлетнем бюджете 28 тенге.

А вот в 2023 году, после перехода МСХ РК на закуп из одного источника, без каких-либо оснований цена ветпрепарата против сибирской язвы была установлена ведомством уже по цене 28 тенге за флакон. А общие затраты на его закуп составили 921 млн тенге, то есть на 569 млн тенге больше, чем в предыдущем году при закупе на открытом конкурсе. **Закупка только по одной этой позиции обошлась государственной казне практически в 250 процентов или два с половиной раза дороже.**

Для того, чтобы проводить закуп из одного источника, возможно, по инициативе МСХ РК, даже подготовили и утвердили специальное постановление правительства. При этом имеет место нарушение норм действующего Закона РК «О государственных закупках».

Так, подпунктом 4) пункта 3 статьи 39 Закона РК «О государственных закупках» из одного источника путем прямого заключения договора могут проводиться закупки с целью *«4) приобретения товаров, работ, услуг, необходимых для локализации и (или) ликвидации последствий чрезвычайных ситуаций, для локализации и (или) ликвидации впервые или вновь выявленных на территории Республики Казахстан особо опасных, экзотических болезней животных, карантинных объектов, чужеродных видов, для проведения мероприятий в карантинных зонах и неблагополучных пунктах по особо опасным болезням животных, в очагах распространения карантинных объектов, экстренных фитосанитарных мероприятий, для ликвидации технологических нарушений на электроэнергетических объектах, коммуникационных системах жизнеобеспечения, объектах железнодорожного, воздушного, автомобильного, водного транспорта, очистных сооружениях, нефтетрубопроводах, газопроводах, и необходимости срочного медицинского вмешательства, а также при возникновении поломок, выхода из строя коммуникаций, механизмов, агрегатов, запасных частей и материалов в пути следования, требующих незамедлительного восстановления;...»*.

То есть **речь идет о закупках из одного источника**, в том числе ветеринарных препаратов, **только в случае чрезвычайных ситуаций**. А плановые закупки таких препаратов предполагается закупать иными способами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан, то есть путем проведения открытого конкурса.

Данный пример наглядно демонстрирует существование порочной системы в государственных органах, когда в интересах ведомства, не исключая, и в личных интересах, через аффилированные государственные предприятия или организации (РГП, ТОО, АО или НАО) проводятся закупки из одного источника по ценам, в разы превышающие цены на рынке данных товаров, работ и услуг.

В этом случае:

- создается искусственная монополия на поставку для государственных нужд товаров, работ и услуг;
- бюджет страны несет необоснованные убытки, приобретая товары, работы и услуги по завышенным ценам;
- рушится сам рынок тех или иных видов товаров, работ или услуг, из-за чего казахстанские предприниматели несут неоправданные убытки;
- формируется устойчивая коррупционная схема, в которой становится возможным личное обогащение за счет разницы между выделенными из бюджета средствами по завышенной цене на закупки товаров, работ и услуг и реально потраченными ресурсами по более низкой их цене, предложенной самим рынком этих товаров, работ и услуг.

Закономерно напрашиваются вопросы:

- чем обосновываются решения центральных государственных органов устанавливать завышенные цены при закупке товаров работ и услуг, чем это предлагается на конкурентном рынке?

- какими социально-экономическими обоснованиями государственные органы объясняют необходимость государственных закупок способом прямого заключения договора при наличии конкурентной среды по поставке товаров, работ и услуг?

- почему данные факты до сих пор не стали основанием для анализа и финансового аудита эффективности проводимых государственных закупок из одного источника в случаях, не предусмотренных нормами действующего законодательства и основанных на, якобы, поручениях Премьер-Министра и Президента страны?

На основании выше изложенного, руководствуясь подпунктом 7) пункта 2 статьи 25 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов», просим:

1. Провести тщательный анализ правомерности и эффективности проведения МСХ РК государственных закупок способом прямого заключения договора при наличии конкурентной среды в отношении ветеринарных препаратов за 2023 год.

2. Провести соответствующий анализ и оценку целесообразности с точки зрения эффективного расходования бюджетных средств осуществления в целом всеми центральными государственными органами государственных закупок способом прямого заключения договора.

3. На основе данного депутатского запроса представить видение Правительства Республики Казахстан о возможных системных изменениях правового обеспечения проведения государственных закупок способом прямого заключения договора.

Депутаты

**Б. Нажметдинулы
Н. Сабильянов
С. Егізбаев
Ж. Дайрабаев
Е. Саурыков
М. Абенов
А. Баккожаев**

*Исп: Е. Достояров
Тел: 74-64-53*